



ӨЗЕКТІ

Киберқылмыс кимелеп тұр

Телефондағы бір ғана банк қосымшасына қол жеткізген киберқылмыскерлер өзге де шоттардағы ақшаны оңай жымқыра алады. Ол үшін алаяқтарға қолыңыздағы смартфонның ішек-қарынын ақтарып шығудың қажеті жоқ. Қарапайым тұрғындардың дені ақша мен деректерді ұрлауға қатысты тәуекелдерді дұрыс бағалай бермейтіні осыдан. Көбісі банк шотына қол жеткізу үшін алаяқтар смартфонның немесе компьютердің камерасы арқылы жасырын бақылау орнатып, парольге қол жеткізеді деп ойлайды. Бірақ, бүгінге дейін бірде-бір ақша жымқыру дәл осындай жолмен жүзеге асырылмағанын айтады киберпол қызметкерлері.



Коллаж жасаған Ш.Аламырзаев

Салтанат ІПНЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алаяқтық мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. Жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге ерекше ден қойып, нақты тапсырмалар жүктеп келеді. Мәселен, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде

арттырған жөн» деген болатын.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын. Тұжырымдаманың басты мақсаты – барлық субъектілердің ортақ жауапкершілігі негізінде құқық бұзушылықтың алдын алудың біртұтас жүйесін қалыптастыру және халықпен сындарлы әріптестік орнату.

Полиция қызметкерлерінің негізгі күш-жігері қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуге, қалада әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтауға және қылмыстық құқық бұзушылықтарды, оның ішінде,

интернет алаяқтықтарды ашуға бағытталған. Мәселен, қала бойынша тіркелетін қылмыстардың басым бөлігі алаяқтыққа қатысты болса, оның ішінде, интернет алаяқтар жасайтын қылмыстар – 25 пайыз, – дейді облыстың полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасы бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Арман Қайрақбаев.

Полиция подполковнигі қабылданған шараларға қарамастан, алаяқтық саны өткен жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға, оның ішінде, ауыр алаяқтық қылмыстар 20,3 пайызға өскенін айтады.

Жалпы, алаяқтар көп жағдайда интернеттегі хабарландырулар бойынша тауар немесе қызмет үшін алдын ала төлем, жобаларға және тағы басқаларына тиімді ин-

вестиция, онлайн қарыз ресімдеу, жалған сілтемелер жіберу арқылы өздерінің ойларын жүзеге асырады.

Соның ішінде, бүгінде танымал болып тұрғаны – киберқылмыскерлердің түрлі бағдарламаларды қолдануы.

Киберқылмыстың негізгі бөлігі арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды қолдану арқылы жасалады. Мысалы, Anydesk, Teamviewer атты бағдарламалар қашықтан қол жеткізуге, компьютерлер мен құрылғыларды басқаруға арналған.

Яғни, қарапайым сөзбен айтқанда алаяқ басқа жерде отырып-ақ, өзгенің құрылғысын оп-оңай басқара береді, – дейді Арман Қайрақбаев.

Алаяқтар алдымен Anydesk немесе Teamviewer орнатуды сұрайды. Содан соң, экранға ID-код экранға шығады. Ал, үшінші адам осы кодты білген кезде смартфонды немесе компьютерді толығымен басқара алады.

ID-кодты білген киберқылмыскер құрылғыға кез келген бағдарламаны, қосымшаны, тіпті, банктік бағдарламаны орнатып, пайдаланушының атынан несие алуға өтініш бере алады. Одан бөлек, кез келген шоттағы ақшаны басқа шотқа оп-оңай аударады, – дейді Арман Қайрақбаев.

Бұл ретте полиция подполковнигі тұрғындар алаяқтардың китүрқы әрекетін естіп тұрып, қалай алдын ала қалғандарын білмей қалатынын айтады.

Мәселен, полиция бөліміне қарағандылық хабарласып, өзін банк қызметкері деп таныстырған белгісіз адам жәбірленушінің банктегі жеке кабинетінің бұзылғанын түсіндіріп, ақша қаражатының сақталуы үшін оған HotToDesk қосымшасын жүктеу қажет екенін айтқан. Бұған дейін алаяқтардың дәл осындай әрекетін біле тұра, жәбірленуші қоңырау шалған адамның сөзіне сеніп, қосымшаны орнатқан. Нәтижесінде, белгісіз адамдар жоғарыда көрсетілген қосымшаны пайдалана отырып, жәбірленушінің 10 миллионнан астам теңгесін әртүрлі шоттарға аударғанымен қоймай, 1 250 000 теңгеге несие ресімдеген.

Полиция подполковнигі ақпаратты көпшілікке, соның ішінде, мессенджерлер мен әлеуметтік желілерге орналастырған кезде абай болу керектігін ескертеді.

РЕСМИ

Табиғат жанашырына жәрдем

Шілденің бірінен бастап, еліміздің орман және табиғат қорғау мекемелерінің қызметкерлері лауазымдық жалақыларына үстемеақы ала бастайды. Тиісті қаулыға ел Премьер-Министрі Олжас Бектенов қол қойды.

Атап айтқанда, орман және табиғат қорғау ұйымдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін, шарттары мен мөлшерін жақсарту мақсатында «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізілді.

Құжатқа сәйкес орман өртің сөндіру стансаларының, орман мекемелерінің, табиғат қорғау және орман орналастыру ұйымдарының қызметкерлері лауазымдық жалақыларына 100%-ға дейін үстемеақы алады. Олардың ішінде, орман өртің сөндірушілер, өрт сөндіру машиналарының жүргізушілері, тракторшы-машинистер, радиооператорлар, өрт сөндіру машиналарын, жабдықтарын мен аппаратураларын жөндейтін слесарлар, өрт-бақылау мұнарасының бақылаушылары бар. Сондай-ақ, 113 авиациялық құзет өрт сөндіруші-десантшысы-

ның жалақысы көтеріледі. Барлығы 3,3 мыңға жуық қызметкер қосымша ақымен қамтылады.

Қаулыны іске асыруға 2024-2027 жылдарға арналған республикалық бюджеттен 8 480,1 млн. теңге көлемінде қаржылық шығындар көзделген.

Жергілікті атқарушы органдардың орман шаруашылығы мекемелерінің орман өрт сөндіру стансаларының 1 619 қызметкеріне қосымша ақы төлеуді қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланады.

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру аясында орман құрылымдары қызметкерлерінің өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жұмысы үшін лауазымдық жалақыларына 100% үстемеақы белгіленді.

Өткен жылы облыстың Осакаров, Бұқар жырау, Ақтоғай, Шет және Қарқаралы аудандарында өрт сөндіру станциялары ашылып, жаңа техникамен жабдықталғанын айта кету керек.

Өз тілшімізден



Сурет шық. дереккөзінен

ҚҰҚЫҚ

Алаяқтан абайлаңыз!

Жыл басынан бері елде интернет алаяқтықтың 10 мыңға жуық дерегі тіркелді. Деректер өткен жылмен салыстырғанда 4,1%-ға көп.



Сурет шық. дереккөзінен

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бас прокуратураның құқықтық статистика комитетінің мәліметінше, көбіне халық онлайн сауда жасау кезінде сан соғып қалады. Алаяқтықтың кең тараған тағы бір түрі – фишинг. Банк карталары мен өзге де деректерге алаяқтардың қол жеткізуі бойынша жыл басынан бері 2,5 мыңнан астам қылмыс тіркелген.

Интернет алаяқтық дерегі Астана мен Алматы қалаларында жиі кездеседі. Интернет алаяқтық бойынша биылға 9 936 дерек тіркелген. Оның 2619-ы онлайн сауда, 2614-і фишинг бойынша анықталған.

Ұлы дала додасына Арқа әзір

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында біршама елдерде іріктеу сайыстары өтіп жатқаны мәлім. Дүбірлі додаға дайындықтан Қарағанды облысы да құр алақан емес. Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында аудандар мен қалалардан 500-ге жуық қатысушы жиналып, көкпар, аударыспақ, асық ату, бес асық, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, қазақ күресі, теңге ілу, тоғызқұмақ сьнды спорт түрлерінен іріктеу фестивалін өткізді.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Түрлі ұйымдар мен ұлт өкілдерін бір тудың астына біріктірген

көшпенділер ойынының маңызы зор, мәні салмақты. Мұны Шет ауданын екі күн бойы шаттыққа бөлеген думанды фестивалдің дүбірінен, ат тұяғының дүрмегі-

нен аңдауға болады. Сонау сақ заманынан бергі аманатталған ұлттық ойындарды дамыту мақсатында өткен додаға спорттың тоғыз түрінен жеті аудан, бір қала



спортшылары бәсекеге түсті.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізудегі мақсатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтып өтті. Тек ұлттық спорт ғана емес, ұлттық танымды, мәдениет пен дәстүрді өзге елдерге таныстырар ең қолайлы мүмкіндік бұл. Көшпелі елдерді бір тудың астына жиып, ортақ мүддеге біріктіру сан ғасырлық бабалар арманы еді. Міне, сол арманға жеттік. Осындай жауапты сәтте оғандардың сайдың серке тасындай жасақталғаны қуанарлық, мақтанарлық көрініс. Ұлттық спортқа деген жауапкершілік осы деңгейден танбаса, айдарымыздан жел есіп, атымыз алысқа шабары хак, – дейді аудан әкімі Мұхит Мұхтаров.

► 4-бет



Келелі міндет, көзделер меже

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жетекшілігімен өткен кезекті аппарат жиынында бірқатар өзекті мәселе қарастырылды. Өңірде «Қарыссыз қоғам» жобасының іске асырылуы, газдандыру және жасанды интеллектті дамытуға қатысты түйінді сауалдар сұранып-ақ тұр.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азаматтардың сапалы қаржылық және құқықтық сауатын арттыратын қаржылық жоба «AMANAT» партиясының ұйытқы болуымен іске асырылып келеді. Жоба аясында Өңірлік жол картасы әзірленіп, жергілікті атқарушы органдар тарапымен тиянақты түрде атқарылу үстінде. Бұл турасында кеңірек облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская хабар етті.

Жыл соңына дейін 9470 адамды оқыту көзделді. Оның ішінде, әйелдер үлесі – 76%, ал, ер адамдар – 24%. Әр топ кемінде 50 адамнан жасақталады. Оқыту үдерісі аптаның 5 күнінде жүргізіледі. Ай сайын 3 топ оқуын тәмамдайды. Айта кету керек, топ қатысушылары өте белсенді. Олардың 76%-ның несиесі бар, әрмен қарай қарызын өтеуде қиындықпен бетпе-бет келген. Қазірдің өзінде 4677 адам қажетті білім алды. Бүгінде облыстың барлық қала мен ауданының тұрғындары жоба шарапатын сезінуде. Құрметті Ермағанбет Қабдулаұлы, сіздің тапсырманызға сәйкес арнаулы жұмыс тобы құрылды. Азаматтарға практикалық көмек көрсету аясында несиесінің жүгін жеңілдету бойынша екінші деңгейлі банк өкілдерімен тиісті амалдар атқарылуда, –

деді спикер.

Онымен қоса, жұмыс нәтижесіне сәйкес арнаулы жиындар легі өткізіліп тұрады. Осы уақытқа дейін барлығы 4000-ға жуық консультация өткен. Оған қаржылық сарапшылар мен заңгерлер тікелей қатысқан. Мәселен, мұнда қарызды реттеу, еңбекпен қамту, бизнес жоспар әзірлеу сынды сындарды бағыттар бар. Электрондық өтім қалдыру үшін арнаулы веб-сайт жұмыс істейді. Ал, семинарға қатыса алмайтын жандар үшін аталған платформада тиісінше бейнесабақтар жүктелген. Жоба мұраты борышкердің несиесіне шырғауынан құтылуын ғана көздемей, анық. «Қарыссыз қоғам» шеңберінде жоғары қаржылық сауаттылық мәдениетін қалыптастырып, бекіту концепциясы жатыр. Әсіресе, екінші деңгейлі банктер белсенділігін атап өткен ләзім. Тұрғыны көп шоғырланған нүктелерде ақпараттық бейнероликтер мен мәліметтік парақшалар таратылады. Бастысы, әр тұлға бұл жобадан қаржылық жауапкершілік арқалауды үйреніп алатыны көңілге медет. Тегінде қаражатты жинақтау мен сақтау үшін тиімді менгеру арқылы қарыссыз қоғамның қалыптасуына оң септігін тигізеді.

Мәні терең жобаны іске асыру барысында жергілікті атқарушы мекемелер өкілдерінің қажыр-қайраты

көп дүниеге ықпал болатындығын қаперден шығармаған абал. Тапсырма оңай емес. Сондықтан, қала мен аудан әкімдері, сіздер қадағаласаныңдар, іс ілгерілемейді. Кез келген жерге барсаңыз, қарыз түйткілі алдымыздан шығатынын білеміз. Жоба тек ресми сипат алып кетпеуі шарт! – деп қосты аймақ басшысы.

Өздеріңізге мәлім, өңірде газдандыру шаралары тоқтаусыз жалғасып келеді. Күрмеуі күрделі саладағы іске асырылып жатқан жұмыс турасында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев мырза баяндады. Облыста газ тарату желілерін орнату бойынша өткен жылы Қарағанды, Теміртау қалаларында 3-ші іске қосу кешені негізіндегі желілер толығымен тартылды. Осылайша 7621 жеке тұрғын үйге көгілдір отын жеткізілді. Осы уақытта абонентті газбен жабдықтау желілеріне қосылу рұқсатын беретін 4432 техникалық шарт жасалған.

3573 үй газбен жабдықтауға қосылған. Яғни, – 47%. Бюджеттен биыл бұған 15,8 млрд. теңге сомасындағы қаражат бөлінді. Республикалық деңгейдегі қазына қалтасынан 4,3 млрд. теңге бағытталды. Облыс орталығында 5-ші іске қосу кешені бойынша құрылыс монтаждық амалдар легі сәтмен жалғасуда. Теміртауда 1,2 іске қосу кешенінің шеңберіндегі істерде іркіліс жоқ. Шахтинск шаһарында жоғары қысымды газ құбыры тартылды. Бұдан бөлек Осакаров ауданы мен Саран қаласын газбен жабдықтау турасындағы жобалау-сметалық құжаты даяр. Республика шеңберіндегі өтімді әл-әзір мақұлданбады. Сәйкесінше аталған қос құжатты келесі жылы түзетеміз, – дейді Тілектес Темірбекулы.

Ақтау мен Ғ.Мұстафин ауылдарын газдандыру жобасының сараптамасы алынған. Келесі жылға тиісті қаражат келеді деп күтіледі. Тұтастай алғанда жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес өрбиде. Қаржылық ағында кідіріс болмаса, тиісті жоталы жобалар кезек күттірмесі анық.

Келесі мәселе. Жасанды интеллект технологиясы жанауды бауырына басып, баурай түсеуде. Кейбір болжамдық дәйектер 2030 жылға қарай жасанды зейін әлемдегі жалпы ішкі өнімнің 7%-ын қамтамасыз етуге қауқарлы болатынын еске салады. Бір ғажабы, қарапай-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ым адам ұзақ уақыт бойы атқаратын бір істі бұл жүйе санаулы секундтар ішінде оп-оңай шеше салады. Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкийдің мәліметінше, аталған саладағы алғашқы қадамдар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізіліп, денсаулық сақтау саласында тиімді іске асуда.

Мәселен, өңірміздегі 47 медициналық мекемеде 2019 жылы «Барыс» жүйесі енгізілген. Жүйе қабылданған салалық диаграмма қорытындысын қолма-қол шығарады. Аталған сандық жобаның 5 жылдық жұмысы шеңберінде 2 млн-нан астам радиологиялық зерттеу амалдары іске асқан. Тағы бір жаңалық. 1 шілдеден Қарағанды, Теміртау қалаларында жаңа «Жаяу жүргінші» ақпараттық кешені орнатылды. Яғни, жүйе жол-көлік оқиғасының нақты кескінін шығарады. Соны технология бұл жағдайда дереккөз жинап қана қоймай, сарапшы қызметін қоса атқарады. Аталған жаңашылдықтар біздер қанатқақты режимде іске асыру үстіндеміз, – деп мәлімдеді салалық ведомство басшысы.

Ия, нейрондық желі нығметі білім беру мекемелерінде де кезең-кезеңімен кеңінен енгізілмек. Бұл оқушылар қауымының электронды тұрғыдағы бар қажеттілігін өтейді. Сондай-ақ, көліктік қатынаста «Ақылды бағдаршам» сынды жобалар бар. IT мамандарын оқыту бойынша облыс жетекші орында. Әрі бара-бара мемлекеттік қызметшілер де ақпараттық лезде саралау мүмкіндігіне қол жеткізу мақсатында аталған игілікке қол жеткізетін болады дейді спикер.

Қаузалған мәнді мәселелер аппарат жиынында әбден жан-жақты пысықталды. Өңір басшысы жауапты жандарға кез келген жеңіні бағындыру барысында жоқты қуаламай, барды дамыту қажеттігіне мән беруді талап етті. Әсіресе, дайындық кезеңіндегі қадамы сапалы болса, қалғаны да сапалы болмақ.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

«ArtSport»:

артықшылық мол

Қосымша үйірмелер баланың қабілетін дамытып, талабын ұштайды. Бірақ, ақылы үйірмелерге жазылуға әр баланың әлеуметтік жағдайы сай келе бермейді. Ал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «ArtSport» бағдарламасы осы олқылықтың орнын толтыруға бірден-бір мүмкіндік. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебулан Жұмабеков «ArtSport» жобасын қаржыландыру туралы кеңінен айтып берді.

Аталған бағдарламаның мақсаты – 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды үйірмелер мен секцияларда тегін біліммен қамту. Егер 2021 жылы шығармашылық мемлекеттік тапсырысқа 200 млн теңгеден астам қаржы бөлінсе, қазіргі қаржыландыру 1,3 млрд теңгеден асатын көрінеді. Бұл – мемлекет тарапынан жасөспірімдерге көрсетіліп отырған көлемді қолдау.

Жыл сайын бағдарламаға сұраныс артып келеді. Сондықтан биыл бастапқы қарастырылған сомаға қосымша қаражат бөлінді. Бұл жыл соңына дейін 6720 ваучерді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл туралы шығармашылық студия басшыларымен кездесуде хабарланды.

Біз «ArtSport» бағдарламасының қатысушыларының уайымын түсінеміз. Бірақ, ретіне рет айтылмай, шығармашылық мемлекеттік тапсырысқа қосымша сома бөлінді. Соның арқасында бала саны 800 адамға артып. Бағдарламаға сұранысты ескере отырып, келесі жылы бюджет мүмкіндіктеріне байланысты қаржыландыру мәселесі қаралатын болады, – деп түсіндірді Еркебулан Жұмабеков.

Бүгінде Қарағанды облысында балалар «ArtSport» бағдарламасы бойынша шығармашылықпен және спортпен тегін айналысып жатыр. 2021 жылы іске қосылғаннан бері оған бөлінген қаржы жыл сайын өсіп келеді. Биыл 3,6 млрд теңге бөлінді.

Төрт баламыз бар. Екі ұлым «Қарақат» мектеп-студиясына домбыра үйірмесіне, қызым би үйірмесіне қатысады. Үшеуі де ақылы. Күйеуім жалғыз жұмыс істейді. Мен сол төрт баламның тәрбиесімен айналысамын. Былтыр «ArtSport» бағдарламасы туралы естіп, үш баламды кезекке қойған едім. Енді, міне, үлкен ұлымның құжаты қабылданып, осы бағдарлама арқылы тегін баратын болды. Отбасылық бюджетімізге аз да болса, көмек қой. Енді, тағы екі балам кезекте. Көпбалалы отбасыларға мемлекет тарапынан қолдаудың болуы – құлтарлық іс. Осы елдің азаматы ретінде ризашылығымызды білдіреміз, – деп атап өтті көпбалалы ана Ләззат Нышанқұлова.

Облыста мемлекеттік спорттық тапсырыс саны да көбейген. Биыл бұл бағытқа 2,3 млрд теңге бөлінді. Қазір 61 қызмет көрсетуші бар, спорттың 23 түрі бойынша 206 секция жұмыс істеп тұр. Қамтылған 10,6 мыңнан астам баланың бір жарым мыңға жуығы ауылдық елді мекеннен екенін атап өткен жоң.

Өз тілшімізден

● ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Таразы басы тең бе?

Еліміздің кез келген азаматы, оның ішінде, жастар да, әйелдер қауымы, мүмкіндігі шектеулі адамдар да мемлекеттік қызметке бара алады. Бұл үшін тең жағдайлар жасалған. «Заманауи мемлекеттік қызмет: тең жағдайлар мен мүмкіндіктер» тақырыбында ұйымдастырылған диалог алаңында гендерлік теңдік, мемлекеттік қызметтегі және қоғамдағы әйелдердің ролі, меритократия қағидатының жүзеге асырылуы, мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға жағдай жасау, жастарды мемлекеттік қызметке тарту және ынталандыру және басқа да мәселелер талқыланды. Диалог алаңын Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Қадамдық жоспарлы жүзеге асыру аясында өткізді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстелге мемлекеттік қызметшілер, жас мемлекеттік қызметшілер, жоғары оқу орындарының түлектері, басшы лауазымындағы әйелдер қатысып, пікірлерін ортаға салды.

Біздің қоғамда жүргізіліп отырған гендерлік саясатқа сәйкес, қазақстандық даму жағдайында еліміздегі әйелдер қауымына саяси және белсенді азаматтық ұстаным тұрғысынан барынша басымдық беріліп келеді. Қазіргі таңда, ашық және бәсекелестік тәртібінде мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігін пайдаланып, өзіне сенімді және өз әлеуетін толыққанды іске асыру үшін көптеген қыздарымыз және тәжірибелі азаматшаларымыз мемлекеттік органдарда жігерлі қызмет етіп жүр. Сонымен бірге, агенттік конкурстық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жүйелі және жоспарлы жұмыс жүргізіледі. Бұл – мемлекеттік қызметке түсуге тең мүмкіндік жасаудың маңызды алғышарты. Мемлекеттік қызметтегі мансаптық модель әйелдердің, оның ішінде баскелес және тең жағдайларда жоғары тұрған лауазымдарға орналасу мүмкіндігін арттырады, – деп атап өтті Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Жандос Сәрсен.

Департамент басшысының орынбасары Абылайхан Наурызбаев мемлекеттік қызметке жастарды, әйелдерді және мүмкіндігі шектеулі адамдардың орналасуы туралы айтты.

Мемлекеттік қызметтегі жастардың,

мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатарын арттыруға айрықша мән беріледі. Заңнамаға енгізілген тағы бір жаңашылдық – мемлекеттік қызметке конкурссыз тағайындалу мүмкіндіктері. Атап айтсақ, жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант есебінен үздік аяқтаған түлектер диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде аудандық және ауылдық деңгейдегі кейбір мемлекеттік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалуы мүмкін. Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, жас мамандардың аудандар мен ауылдық өңірлерге оралуын ынталандыруға, сондай-ақ, өңірлердегі кәсіби кадрлар тапшылығын төмендетуге ықпал етіп, мемлекеттік қызметке кіру процесін айтарлықтай жеңілдетіп отыр, – деп атап өтті Абылайхан Дағыстанұлы.

Ол мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа автоматтандырылған жүйесі әрбір азаматқа конкурстың барлық кезеңдеріне онлайн қатысуға мүмкіндік беріп, адами факторларды азайтатынын да тілге тиек етті. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтегі 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 30%.

Анонимділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін үміткерлерге ID-номерлер беріледі. Осыған байланысты іріктеу процесіне деген сенім мен конкурстық қатысуға ниет білдірушілердің санын едәуір арттырып отырғанын айта кету керек. Аталған процесстер әйелдер және мүмкіндігі шектеулі жандар, жастарды қоса алғанда, барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер жасайды, – деп ол.

Сөз алған Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығы директоры Ләз-



зат Қожахметова, қоғамда орын алып жатқан зорлық-зомбылық фактілерінің көбеюі шешім қабылдау органдарының басшылығында әйел адам отырғаннан деген ойын айтты.

Облыс әкімдерінің барлық 20 лауазымын ер адамдар атқарады, ал, саяси партиялардың ешқайсысын әйел басқармайды. Дегенмен, әйелдер төменгі деңгейдегі сот органдары мен сайлау комиссияларында кеңінен ұсынылған және азаматтық қоғам ұйымдарында басшылық қызметтерде. Әйелдер Мәжілісте екі партиядан тек 19 орынға ие болды. 98 депутаттың 79-ы ер адам, 19-ы әйел. Сенаттағы 49 депутаттың – 10-ы. Жалпы – 30%. Бұл аз деп ойлаймын, екі құрылымда 30%-дан болғаны дұрыс. Мәселен, облыстық мәслихаттағы 38 депутаттың 8-і әйел. Қалалық мәслихаттардағы 130 депутаттың және аудандық мәслихаттардағы 106 депутаттың 32-сі әйел адам. Ал, шағын және орта бизнес субъектілерінің ішінде 44,6%-ы әйелдердің үлесінде. Бұл – бизнесте жұмыс істейтіндердің үштен бірі. Дегенмен, соңғы уақыттары аймақтағы мемлекеттік қызметтегі әйел адамдардың қатары азайып келеді. 2021 жылы 14 мың болса, өткен жылы – 11 300 адам. Әйелдер көбінесе

бала күтіміне байланысты демалыстарда болады. Кейбір көпбалалы, мүгедек бала асырап отырған аналар толық жұмыс күн істей алмайы мүмкін. Жұмыс берушілер мұндай аналарға заңнамаға сәйкес мүмкіндік қарастырса, мемлекеттік қызметтегі әйел саны артады деп ойлаймын, – деді Ләззат Таймырқызы.

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы басшысы Нұржан Илияш аймақ жастарының белсенділігі туралы сөз қозғады.

Облыста қазіргі уақытта 73 волонтерлік ұйым мен топ тіркелген. Оларда 4 мыңнан астам жас бар. Volteq, «Biz batuz» (Е.Бөкетов атындағы ҚарУ), «Ақниет» (Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ), Теміртау қаласының «Шаңырақ», «Біз Шахтинск қаласынан» еріктілер қауымдастығы, Қарқаралы ауданының «JasStar» еріктілер лигасы, «Нұра арнасы» (Нұра ауданы), «Жастар Ассамблеясы» (Қазақстан халқы Ассамблеясы), «Жастар рухы» («AMANAT» партиясы) ұйымдары белсенділік танытуда. Олар азық-түлік жиынтықтарын тарату бойынша акцияларды, экологиялық сенбіліктерді, шырша көшеттерін отырғызатын экологиялық акцияларды, жастарға арналған білім беру

тренингтерін және басқа да шараларды тұрақты негізде ұйымдастырады, – деген ол облыс бойынша волонтерлік қызметті қаржыландыруға биыл 79,380 млн. теңге бөлінгенін де атап өтті.

Сонымен қатар, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұхтар әлеуметтік саланың мән-жайына тоқталды. Оның айтуынша, өңір бойынша 51 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда. Алты айдың қорытындысы бойынша 18 мың адам жұмыспен қамтылды.

Аймақта бірінші тоқсандағы жұмыссыздық деңгейі – 4,2%. Ел бойынша бұл көрсеткіш – 4,7%. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі облыста – 2,7%, республикада – 3,1%. Жыл басынан бері 69 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оған 1 151 жұмыс беруші қатысып, 3 703 бос жұмыс орнын ұсынды. Қазіргі уақытта сомасы 118,121 млн. теңгеге 80 грант берілген. Қалған 103 грант жақын күндері табысталады. 400 АЕК көлеміндегі грантты көпбалалы отбасы мүшелері, мүгедектігі бар адамдар, мүгедек бала асырап отырғандар, асыраушысынан айырылған және атаулы әлеуметтік көмек алатындар алады. Бұдан бөлек, жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін биыл 2,5%-бен 339 жеңілдетілген несиесі берілмек. Оған жалпы сомасы 1,695 млрд. теңге бөлінді, – деді Төлеу Қайратұлы.

Сонымен қатар, басқарма басшысының орынбасары мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, осал топтарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларына да тоқталды.

Дөңгелек үстелде мемлекеттік қызметке конкурссыз қабылданған жас маман Жанар Оралбай да ойын ортаға салды. Ол – Бұқар жырау ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы.

Жандос Шералұлы Қарағанды облысы мемлекеттік қызметке іріктеу бойынша e-Duzmet пилоттық жобасына қатысатын және оның арқасында бос лауазымдарға орналасуға мүмкіндіктің артықын алға тартты. Алдағы уақытта жұмыс еліміздің барлық аймақтарына таралатын болады.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Өміріңізді өзгертетін жоба

Жұмыс ауыстырғысы келетіндер үшін бірегей мүмкіндік беріліп отыр. Өмірде жүзеге асырыла бастаған «Jumys Tar» жобасы арқылы жұмысыңыз болса да, жаңа кәсіпті меңгеріп, өзіне ұнайтын іспен айналысуға болады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сала мамандарының айтуынша, бұл жобаның ерекшелігі де осында. Кез келген адам қысқа уақыт ішінде және тегін жаңа мамандық игере алады. «Jumys Tar» жобасына жұмысы бар адам да, ресми тіркелген жұмыссыз да, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, студенттер, тіпті, зейнеткерлер де қатыса алады. Байқағандарыңыздай, мәртебесі де, жасы да маңызды емес.

Жобаға қатысу үшін кеңес беру пункттеріне келіп, тіркелу керек, – деді облыстық Еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұржан Сыздықов. – Олардың үшеуі Қарағандыда және біреуі Теміртау қаласында орналасқан. Атап айтқанда, «Таир», «Ұмай» сауда орталықтары, Пришхатинскіде «Ежик» супермаркеті. Теміртауда 6 шағын аудандағы базарда. Халық көп жүретін орындар әдейі таңдалды.

Жобаға қатысуға ниет білдіргендер тегін жедел курстарды оқып, жаңа мамандық меңгере алады.



– Оқыту колледждер мен коммуналдық орталықтар базасында өтеді. 60-50-50 нөмірі бойынша кеңес беретін Call-орталық іске қосылды. Консультациялық пункттер мен Call-орталық 10:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді. Жексенбі және дүйсенбі – демалыс, – деп түсіндірді Нұржан Хамитұлы.

Оның айтуынша, оқу курстары тамызда жеті колледж негізінде басталады. Оқыту 48 мамандық бойынша өткізілетін болады. Олардың ішінде, СММ, тігінші, шаштараз, шиномонтажшы, электрғаздәнекерлеуші, сайт жасаушы, бейнемониторинг және басқа да мамандықтар бар. Көбінесе,

қала құраушы кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес ұйымдарынан жұмыскерлерге сұраныс көп түседі. Курстың ұзақтығы – 5-30 күн. Теориялық сабақтар да, практикалық сабақтар да жоспарланған.

– Жоба аясында комьюнити орталығында шығармашылық және диалогтық кеңістіктер базасында тегін қызметтер көрсетілетін болады. Онда дыбыс жазу, киім дизайны, подкаст жазу студиясы және кәсіптік бағдар беру жұмысы саласындағы жобалар іске асырылатын болады, – деді ол.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі

бойынша Call-орталықтарға 128 адамның қоңырау шалған, 237 адам кеңес беру орталықтарының көмегіне жүгінген. Оқыту курстарына жазылып жатқандар да бар. Бүгінгі таңда 300-ге жуық адам мамандық игеру курстарына жазылған.

– Менің тұрақты жұмысым бар, – дейді Арман есімді қала тұрғыны. Бірақ, видеомонтаждау, мобилографияны үйренгім келеді. Қосымша табыс тапсам деген ойым бар. Қазір бұл саладан пайда тауып жатқандар көп.

Оқыту курстарына қабылдау жүріп жатыр.

Сурет
Еңбек мобильділігі орталығынан

Болатбек Серікбайұлы СЕРІКБАЕВ

Қарағанды облысының жұртшылығы ауыр қазаға ұшырады – ауыл шаруашылығының, орта арнайы білім берудің белгілі ұйымдастырушысы Болатбек Серікбайұлы Серікбаев қайтыс болды.

Болатбек Серікбайұлы Серікбаев 1942 жылы 20 қыркүйекте Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ақжол ауылында дүниеге келген.

1956 жылы Қарқаралы қаласының №2 орта мектебін бітіріп, сол жылы Қарқаралы зооветеринарлық техникумына (қазіргі Қарқаралы ауылшаруашылық колледжі) түсіп, 1960 жылы оны үздік тәмамдады.

Қарқаралы зооветеринарлық техникумын бітіргеннен кейін 1960-1961 жылдары Қарқаралы ауданы Киргизия кеңшарының Кент бөлімшесінде ветеринариялық техник болып жұмыс істеді.

Ауданның жолдамасы бойынша 1961 жылы Алматы зооветеринарлық институтына ветеринариялық бөлімге түсіп, 1967 жылы сәтті аяқтады.

Институтты бітіргеннен кейін Қарқаралы зооветеринарлық техникумына оқытушы болып жұмысқа жіберілді.

1970 жылы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жолдамасымен К.И.Скрябин атындағы Мәскеу мемлекеттік ветеринарлық академиясына оқуға жіберіліп, оны бітіргеннен кейін Қарқаралы зооветеринарлық техникумында оқытушылық қызметін жалғастырды.

1971 жылы Б.С.Серікбаев техникум директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

1975 жылы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Қарқаралы зооветеринарлық техникумының директоры болып тағайындалып, осы лауазымда 1997 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет атқарды.

Қарқаралы зооветеринарлық техникумында жұмыс істеген 30 жыл ішінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, ауыл шаруашылығы үшін білікті мамандарды оқытуға елеулі үлес қосты. Осы уақыт ішінде техникумның материалдық-техникалық базасы нығайтылды, студенттерді қосарлы оқыту жүйесі енгізілді. Болатбек Серікбайұлы бірбеткей, талапшыл басшы болды және жас педагогтар мен жалпы жас ұрпақтың қалыптасуына үлкен көңіл бөліп, таласыз беделге ие болды. Қарқаралы зооветеринарлық техникумының көптеген түлектері ауыл шаруашылығы саласының жоғары білікті мамандары мен басшылары болып, бүгінде республикамыздың шаруашылықтарында табысты еңбек етіп келеді.

Б.С.Серікбаев Қарқаралы ауданы мен Қарағанды облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысты. Бірнеше рет қалалық және аудандық халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды.

«Ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қарағанды облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің, аудандық халық депутаттары кеңесінің Құрмет грамоталарымен, Қарағанды облысы әкімінің шешімімен «Қарағанды облысы білім беру саласының Құрметті педагогі» төсбелгісімен марапатталды.

Болатбек Серікбайұлы Серікбаевтың осы жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Мыңжасар Әдекенов атындағы
Қарқаралы ауылшаруашылық
колледжінің ұжымы
№264

Тартысқа толы турнир

Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай «Summer CUP 3x3» атты баскетбол турнирі өтті.

Аталған жарысқа 12-14, 15-17 жас аралығындағы ұлдар мен 13-15 жас аралығындағы қыздар қатысты. Турнирде кеншілер шаһарының спортшыларымен қатар, Астана һәм Саран қалаларының командалары бақ сынасты.

Тәжірибелі мамандардан құралған төрешілер тартысқа толы турнирде үздік өнер көрсеткен жүзден жүйрік, мыннан тұлпарларды анықтады.

Атап айтсақ, 12-14 жастағы жасөспірімдер арасындағы бәсекеде I орын қарағандылық «Hustle» командасына, II орын Майқұдық атынан қатысқан «RWE» құрамасына, III орын қарағандылық «Mamba Tim» бұйырды.

15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында I орынға Майқұдықтың намысын қорғаған «Rain» ие болса, II орын кеншілер



қаласының «Қарағанды БК» командасына бұйырды. Қарағандылық «Мандалошкины» құрамасы III орынға жайғасты.

Турнирге қатысқан қыздардан құралған командалар да шебер өнер көрсетті.

13-15 жастағы қыздар арасында I орынға өндірісті қала Сараннан келген «Недоджорданы» командасы, II орынға қаланың Пришхатинск бөлігінен келген «KRG Family» құрамасы, III орынға сарандық «Dream Team» командасы лайық деп танылды.

Турнирге барлығы 72 спортшының қатысқанын атап өткен жөн. Мұндай турнир жас буынның спортқа деген қызығушылығын оятып, ынтымақ-бірлікке жетелейтіні сөзсіз.

Өз тілшімізден

ҚАРАҒАНДЫ
Сурет
ұйымдастырушылардан

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысы

Қарағанды қаласы

№ 37/06

12.06.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс), «мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлар тізбесіне жататын объектілерді салу бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында, атап айтқанда, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің ортақ пайдаланылатын объектілерін іске асыру жолымен салу (реконструкциялау) жер учаскесінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекет мұқтажды үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесіне қатысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін қозғау:

1) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Штурманская көшесі, Е 1/18 көшесі, ауданы 0.1998 га, кадастрлық нөмірі 09-142-137-528, «ЮРИУС» ЖШС тиесілі БСН 000340004934 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

2) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Штурманская көшесі, Е 1/18 көшесі, ауданы 0.0689 га, кадастрлық нөмірі 09-142-137-020, «ЮРИУС» ЖШС тиесілі БСН 000340004934 жеке меншік құқығында;

3) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Штурманская көшесі, Е 1/17 көшесі, ауданы 0.2557 га, кадастрлық нөмірі 09-142-137-019, «ГЛОТУР-К» ЖШС тиесілі БСН 020340000053 жеке меншік құқығында;

4) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Штурманская көшесі, 10/2 көшесі, ауданы 0.7840 га, кадастрлық нөмірі 09-142-133-1588, Березовский Андрей Павловичке жеке меншік құқығымен тиесілі;

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 12 тамызда белгіленсін.

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін меншік иесінің жүгіну орны болып өтініш беру арқылы «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А. Шакинов) белгіленсін: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 425 кабинет.

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (н.а. Илияш) осы

қаулы қабылданған сәттен бастап, үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А. Шакинов) жер учаскесінің меншік иесін «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының тәртібімен хабардар етсін.

6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (т.б. Жашкеев) жер учаскелерін бағалау бойынша жұмыс жүргізілсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

К. КАМЗИН
Қарағанды қаласы әкімінің
міндетін атқарушы

Стадион аумағы ажарланды



Теміртау қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасын тауып, күні кеше ғана осындағы Металлургтер стадионының аумағы тазаланып, ажарланып қалды. Бұл алда келе жатқан Металлургтер күні қарсаңында осында келіп, тынығатын және мереке қызықтарын тамашалайтын теміртаулықтар үшін тамаша тарту болды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінгі бұл акцияға «Жасыл ел» жасактарының 80 сарбазы, «Шаңырақ» орталығының 20 волонтері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, спортшылар, «Жайдарман» КВН клубының мүшелері де қатысып отыр, – дейді Теміртау қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлмира Олжабаева. – Мұнда жүрген «Жасыл елдің» сарбаздары осы 9 пілдеде басталған екінші маусымына қатысуда.

Ал, қаладағы «Жасыл ел» жасактарының менеджері Айкын Жаксылықовтың айтуынша, қазір «Жасыл елдің» қала бойынша құрылған 12 жасағының құрамында 430 адам болса, соның 1 жасағы Ақтау кентінде іс-қимыл жасауда екен.

Бұл күнгі акцияға қатысушылар стадион аумағының шөбін шауып, оны қатты тұрмыстық қалдықтардан арылтып, үлкен бір шаруа тындырды.

ТЕМІРТАУ

Сурет автордан

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• ҚҰРМЕТ

«Өлі разы болмай...»

Мемлекет және қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» қозғалысы жетекшілерінің бірі – Әлімхан Ермековтің мәңгілік мекені осы Қарағандыда екені белгілі бір уақытқа дейін көпшілікке беймәлім болып келгені жасырын емес. Осыдан 5 жыл Арқаның белсенді азаматтары Алаш алыбының зираты осында деп сүйіншілеген. Содан кейін журналистер мен зиялы қауым өкілдері алтын адам қорымын тапқандай тайлы тұяғымен сонда ағылды. Телеарналар мен басылымдар және әлеуметтік желі біршама уақыт дүрлікті. Кеш ескергеніміз һәм елегеніміз үлкен өкініш, кемшілік, әрине. Қалайша білмедік, ескермедік деген сауал талайын мазалады сол жылы. Бірақ, баба зиратын көргеннен кейін ел болып жерге қарағанымыз тағы бар. Себебі, зираттың маңайын қоқыс басқан, көктасы тозып, жазуы ошуге айналған. Бір сөзбен айтқанда, сол зиратта мынау жарық жалғаннан күйбең тірліктің илеуіне түсіп, елеусіз көшкен әлдебіреу жатқандай сезімде қалдық. Іле-шала «Алаш ардақтысының зираты неге қараусыз?» деп, тілшілер жарыса жазып, мәселе көтерген. Қаққан дабыл естілді.



Сурет: Шық Серкежанов

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Расында, Әлімхан бабамыздың зираты елеусіз қалғаны – елдігіміз-

ге сын. Бар заманның шуағына шомылған егемен Қазақстанның жас ұрпағы тәу етіп баратын жер еді ғой. Бұл шаруаны сол уақытта қалалық мәслихаттың төрағасы

болған Құдайберген Бексұлтанов қолға алған еді. Ол депутаттар мен қала билігінің және қоғам белсенділерінің назарын осы мәселеге аударған. Әуелі кәсіп-

керлерді жұмылдырып, маңайындағы құл-қоқысты тазартты. Содан кейін бірнеше жиын өткізіп, зиратты абаттандырудың жобасын әзірледі. Бұл күнде Әлімхан Ермековтің бейіті гранит тастармен қоршалған. Қарағандыға келген меймандар, тарихшылар және ел тарихына бейжай қарамайтындар қазір баба басына барып, тәу етеді. Жыл сайын 31 мамыр – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде Алаш ардақтысының зиратында құран оқылады.

– Дана халқымыздың «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөзі бар. Өкінішке қарай, біраз жыл Әлімхан атамыздың зираты қараусыз жатты. Кейбір азаматтар бабамыздың сүйегін басқа жерге апарып жерлейік деген ұсыныс айтқан еді. Бұдан басқа да ұсыныстар айтылды. Бірақ, біз аруақты мазаламауды жөн көрдік. Қарағандыдағы ірі кәсіпкермен бірлесіп, сәулетші таптық. Сол маманмен бірге абаттандырудың жобасын әзірледік. Бұл күнде баба зиратына барып тәу етуге барлық жағдай жасалған. Зиратқа адастырмай аппаратын жолдусқағыштар орнатылған. Граниттен жана құлпытас орнатылды.

Әлімхан бабамызды жас ұрпақ үнемі жадында һәм жүрегінде сақтауы тиіс. Біз – есіл ердің алдында қарыздармыз. Әр азамат Әлімхан Ермековтің ғұмырынан тағылым алып, ұлт үшін аянбай еңбек етсе дейміз, – делі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов.

Қазақтың тұңғыш математигі, профессор, ғұлама ғалым, белгілі ағартушы, қазақ тіліндегі тұңғыш «Жоғарғы математика курсы» оқулығының иесі Әлімхан Ермеков Қарағандының Михайлов деп аталып кеткен бөлігінде, ДСК зауытының іргесіндегі қорымда жатыр.

ҚАРАҒАНДЫ

• ЖАҒАЖАЙ САМБО

Құм үстіндегі күрес

Приозерск қаласында жағажай самбодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ересек әйелдер мен ерлер 8 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Дүбірлі долада 13 облыстан 100-ге жуық спортшы келіп белдесті. Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы самбо федерациясының бірінші вице-президенті Манарбек Бисекенов арнайы қатысты.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жағажай самбо Приозерск қаласында алғашқы рет ұйымдастырылды. Жарыс ерекшелігі – қарсыласын құмға құлатқан балуанға ұпай берілуінде. Жарыс барысында әлемдік жарысқа қатысуға жолдама алатындығы да айтылды.

– Жағажай самбо спорты кейінгі кезде елімізде дамып келе жатыр. Мұның басқа спорт түрінен айырмашылығы – уақытпен және балмен жеңімпаз анықталады. Қарапайым самбода қуып жетіп, мысалы немесе партерде ұтып кетуге мүмкіндік бар. Бұл жерде бір-ақ мүмкіндік. Құладың болды, бірден ұпай жинайсың, – дейді Қазақстан Республикасы самбо федерациясының бірінші вице-президенті Манарбек Бисекенов.

Сонымен қатар, спортшыларға арнаған құттықтау сөзінде Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов жағажай самбосын дамытуға қолдау білдіретіндігін жеткізді.

– Барлық қатысушыларды осы

қызықты чемпионаттағы керемет жетістіктерімен және шеберліктерімен құттықтаймыз. Бүгінгі спортшылардың табандылығы бәріміздің көңілімізді серпілтіп тастады. Спортшыларды қолдағандарға және осы шараға қатысқандарға ерекше алғыс білдіремін, – деді Мансұр Ахметов.

Байқағанымыздай, жарыс өткізілген алаңдағы дода дүбірі арнасынан асып жатты. Бұл бәсекені тамашалаушылар қарасы да тым қалың болды. Жарыс қорытындысы бойынша бағы жаңған мықты спортшылар жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ерлер арасында 50 келі салмақта Асқар Еспунов, 71 келі салмақта Нұрсұлтан Нұрсейітов, 88 келі салмақта Азат Қуанов, +88 келі салмақта Жандос Сейтенов чемпион атанды. 72 келі салмақта Назерке Дәулетжан, +72 келі салмақта Мөлдір Нұрланбек қарсыластарынан басым түсіп, алтын алқа тақты.

ПРИОЗЕРСК
Сурет ұйымдастырушылардан

• ДЖИУ-ДЖИТСУ

АҚШ-тан абыройлы оралды

Джиу-джитсудан АҚШ та өткен Халықаралық чемпионатта қарағандылық Айбар Оразәлі Алаш туын аспандатып, чемпион атанды.



Сурет: Шық Серкежанов

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айбар – джиу-джитсудан бразилиялық академияның Қарағандыдағы қалыптастырушысы. Бүгінде кара белдік иегерінің шәкірттері де еларалық жарыстарда еленіп жүр.

– Менің салмағымдағы қарсыластардың осалы болмады. Алайда, жеңіске жетіп, ел үмітін ақтағанымна қуандым. Бұл – жалғыз менің ғана емес, барша елдің және

маған үміт артқан, шәкірттерімің жеңісі, – дейді Айбар Оразәлі.

Алғашқы жекпе-жегінде Айбар ирландықпен бәсекеге түсіп, ұпай есебімен алға шықты. Одан кейінгі қос қарсыласын сұлатып, техникалық нокаутпен жеңіп, ақтық сынға өтті. Ал, ақтық кездесуде ол америкалықты тізе бүктірді де, жеңіс тұғырына көтерілді.

Ұлы дала додасына Арқа әзір

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Сонымен, жарыс қорытындысына сай командалық есепте I орынды Шет ауданының спортшылары қанжығалады. II орын Бұқар жырау ауданына бұйырса, III орынды Ақтоғай ауданының қатысушылары иеленді. Шеттің бұл – екінші жылғы жеңісі. Ұлттық спорт түрлерінен облыс бойынша чемпиондықты сақтап қалды.

Расында, сайыста көк серкені қазандықтан-қазандыққа сапыра тоғтықан көкпаршылар ойыны қарасаң, қараға рух, қарашаға үміт берердей-ақ.

– Көкпарда осал ойыншы көрмедім. Ат үстіндегі балуанның барлығы «сен тұр, мен атайын» өңшен. Сол қолынан серке суырылса, оң қолы серке сирағында бірге кетеді. Әсіресе, Шет пен Нұра аудандарының жігіттері көп-ақ, жерден ілгіш екен. Қарсы шапқан атқа қарамастан жердегі серкені іліп үлгереді. Шеберлік, әрине. Қарқынымыздан танбасақ, Астанада өтер ұлы долада бағымыз жанар, – дейді көкпардан Бұқар жырау ауданының ойыншысы Жанел Біржан.

Десек те, облыстық ұлттық және ат спорты түрлері федерациясының президенті Нұржан Шайхиннің сөзінше, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына барар 60-қа жуық жүйріктер әлі іріктеу түседі. Мұны облыс бойынша алдағы іріктеу сайыстары шешпек. Ал, естеріңізде болса, бұған дейін байрақты бәсекеде әлемнің 100-ден астам елінен 4000 қатысушы келеді деп күтілсе, енді қатысушылардың саны 2000-нан асады деген жоспар бар. Бүгінге дейін 89 мемлекет қатысатынын растады. Бруней-Даруссалам,



Либерия, Венесуэла, Ирландия, Доминикан Республикасы, Гамбия сияқты елдер Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында алғаш рет бақ сынағалы отыр.

Корей күресі «ссырым» спорттық бағдарламадан шығарылды. Бірқатар спорт түрлері бойынша салмақ категориялары да азайтылды. «Ұлы дала жорығын» қоспағанда, спорттың 10 түрінен тұратын арнайы қойылымдар ойындар бағдарламасынан толығымен алынды.

Сонымен қатар, Қырғызстан

мен Татарстан республикаларының басшылықтарының өтініштері бойынша, ойын бағдарламасына көк бөрі (көкпар) және «көрәші» енгізілді.

– Шығындарды оңтайландыру бойынша барлық шараларды жүзеге асыра отырып, бастапқы бюджеттен 1,7 млрд. тенге үнемдедік. Осыған қарамастан, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын Астанада жоғары деңгейде өткізу үшін демеуші ретінде қазақстандық және шетелдік компанияларды тарту-

да белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз, – деп мәлімдеген болатын бұдан бұрын Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарсабаев.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясының басшысы Наиль Нұров V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бас серіктесі – «Қазақстан Халық банкі» АҚ, ALAGEUM ELECTRIC электроника компаниясы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бас демеушісі атанғанын мәлімдеді. Сондай-ақ, ол ұлы жарыстың өзге де жай-күйін тілге тиек етті.

Дирекция жетекшісі көшпенділер ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне табысталатын медальдарды да таныстырды. Медальдің ортасында көшпенділер өркениетінің белгісі – ат үстіндегі Күн басты адамның бейнесі бар. Медальда спорт, мәдениет, ғылым салаларын камтитын негізгі 3 символ бедерленген. Осының барлығын Қазақстан халқының бірлігін білдіретін Шаңырақ көмкеріп тұр.

Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының вице-президенті Тастанбек Есентаевтың айтуынша, 370 төреші 21 спорт түрі бойынша төрелік етеді. Сондай-ақ, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ел құрамасы сапында өнер көрсететін спортшылар мен спорттық жылқылардың функционалдық және психологиялық жағдайын бақылау үшін ветеринар, биолог, генетик, спорттық психология және медицина мамандарының жетекші ғалымдарынан тұратын екі кешенді ғылыми топ құрылған көрінеді.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қаржаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сыйынбай, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 78 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жаная ОМАРБЕК